

Е. Құсманов, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Б. Ақылбекова, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясы)

СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ РӨЛІ

Қандайда бір мемлекеттегі жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғауда сот органының орны ерекше. Себебі әр азамат құқық субъектісі бола отырып, өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық әрекеттермен қорғауға құқылы. Осы заңды әрекеттерді жүзеге асыратын орган, ол — сот органы болып табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 2-тармағында, «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар», — деп атап көрсетілген¹.

Қазақстан Республикасында әркім өзінің құқықтары мен бостандықтары заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Барлық жеке тұлғалар өзінің бұзылған немесе талас тудыратын құқықтарын қорғауды өтініп, сотқа жүгінуге бірдей құқылы. Кез келген жеке тұлға сотқа өзі тікелей немесе өзінің өкілі арқылы жүгіне алады. Сот тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты құралы ретінде қарастырылады. Көптеген елдердің конституциялары сотқа жүгіну құқығын жеке тұлғаның жеке және ажыратылмас құқығы ретінде тұжырымдайды. Ешкім де оның ісін сотта қарау құқығынан ажырата алмайды.

Әділ сот — бұл заңда белгіленген процессуалдық тәртіпке сай іске асырылатын және азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және басқа да құқық салаларының нормаларын шындық немесе жорамал бұзылуларымен байланысты дау-дамайларды қарау мен шешудің құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепіліне айналып келеді. Өркениетті қоғамда сот бүкіл құқық жүйесінде орталық орын алады. Сот нағыз әділеттілікті бейнелейді. Х.К. Халиков «Кеңес дәуірінде бірыңғай мемлекетті игіліктің құрамдас бөлігі ретінде қалыптасқан сот билігі ұғымының өзі іс жүзінде оның ресми мемлекеттік саясатты жүргізуші және оның идеологияландырылуы деп түсінілді, бұл Қазақстанда әлі күнге дейін едәуір дәрежеде табылып отыр және жеке тұлғаның құқықтарын қорғау мен қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда белгілі дәрежеде қайта қарауды және басқаша бағыттауды қажет етеді»,

— деген пікір айтады². Ал, Б. Топорнин мынадай пікір айтады: «Соттың, жеке тұлғаның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды демократияның басты мән-мағынасы және өзінің басты міндеті деп тануы әділетті нәрсе. Соттың ұстанымы өте дұрыс, өйткені адам құқықтары мен бостандықтарын бұзушылық тек оған қатысты жеке тұлғалар үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін де қауіпті, оның тірегін шайқалтып, адамдарды мемлекеттен бездіреді», — деді³.

Сот органдарының тәуелсіздігіне мемлекет кепілдік береді және елдің конституциясы мен заңдарында бекітіледі. Барлық мемлекеттік органдар мен басқа мекемелер де сот органдарының тәуелсіздігін сақтауға және құрметтеуге міндетті. Көптеген елдердің конституциялары тұлғаның әсерлі сот қорғауын іс жүзіне қамтамасыз ету үшін сот төрелігінің негізгі қағидаларын, сонымен бірге сот шешімдері мен үкімдерінің заңдылығы мен әділеттілігін қамтамасыз етудің процессуалдық кепілдіктерін белгілейді. Сот төрелігінің негізгі қағидаларына жататындар: соттың тәуелсіздігі, оның құзіреттілігі, төтенше соттарды құруға тыйым салу, мерзімділік, алқалық, сот талқылауының жариялылығы, сот актілерінің заңдылықтары мен дәлелділігі және олардың міндеттілігі. Соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге судьяның лауазымын басқа қызметпен қоса атқаруға рұқсат етілмейтіндігі ережесі де жәрдемдеседі.

Жеке тұлғаның құқықтарын әкімшілік-құқықтық тәртіппен іске асыратын қорғау түрінің де бар екендігі белгілі. Жеке тұлғалар атқарушы биліктің жоғары органдарына да арыздана алады. Бірақ мемлекеттік органдардың бір-бірімен байланыстылығынан ол шағымдардың әділ шешілмейтін жағдайлары да кездеседі. Сот қорғауы шағымданудың әкімшілік тәжірибесінен өзгеше және әсерлірек. Сот ведомстволық мүдделерге тәуелді емес және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот рәсімі ашық, талқыланушы мәселелердің кең түрде жариялылығын, барлық айғақтардың ауызша тексерілуін және барлық мүдделі тараптардың сот мәжілісіне тікелей қатысуын қарастырады. Жеке тұлға заң негізінде құрылған тәуелсіз және бейтарап сотқа қарауға құқылы. Ол өзіне үш элементті біріктіреді: заң негізінде құрылған және тәуелсіздікпен бейтараптық критерийлеріне сай келетін соттың болуы; соттың дау мен айыптаудың барлық тұстары бойынша шешім қабылдау үшін жеткілікті түрде өкілеттілігі болуы; сонымен бірге кісінің сотқа қол жеткізуге құқығы болуы керек.

Қазіргі таңда сот органдарын реформалау барысы жалғасын табуда. Сот органдарын реформалаудың бірі, жеке тұлғаның өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жиірек жүгінуіне жағдай жасау болып табылады. Ол үшін, жеке тұлғаның сот органымен өзара тығыз байланысты үш элементті біріктіру қажет:

- біріншіден, заң негізінде құрылған және тәуелсіздік пен бейтараптылық критерийлеріне сәйкес келетін соттың болуы қажет;
- екіншіден, даудың немесе айыптаудың барлық тұстары бойынша шешім қабылдау үшін соттың кең өкілеттілігі болуы керек;
- үшіншіден, жеке тұлғаның сотқа қол жеткізу құқығы болуы қажет.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 жыл (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1996 ж., № 4, 217-құжат), Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 1998 ж., № 20, 245-құжат), Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Парламентінің 2007 ж., № 10, 68-құжат). — Астана, 2009. 8-б.

² Халиков К. Х. Проблемы судебной власти в Казахстане: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. 12.00.09; 12.00.11 — Алматы, 1998. — С. 50.

³ Топорнин Б. Конституционный Суд Российской Федерации — эффективный фактор развития права // Российская юстиция. — 2002. — № 10. — С. 35.